

Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 772.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен. ~P001963

ЕСКЕРТУ. Кіріспе жаңа редакцияда берілген - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999.09.20. N 1421 қаулысымен. P991421_

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік еткен қарызға алу мен борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
15 маусымдағы N 772
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдарға арналған
Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы

1. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы (бұдан әрі - МИБ) МИБ-сын әзірлеудің және іске асырудың ережесіне сәйкес әзірленді.

МИБ-сының нормативтік құқықтық базасы мынадай нормативтік құқықтық актілермен айқындалады :

- "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Z990357_ ҚР Заңы МИБ-сының анықтамасын және оның республикалық бюджетпен байланысын айқындайды;

- "Сырттан қарыз алу және сыртқы қарызды басқару туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 24 сәуірдегі Заңы инвестициялық жобаларды іске асыруға сыртқы қаржы көздерінен қаражаттар тарту туралы шешімдер қабылдау үшін нормативтік-реттеуші база қалыптастырады;

- "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 359-1 Z990359_ Заңы республикалық бюджеттен және сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырудың көлемін және үкімет кепілдіктерімен қарыз алу лимитін белгілейді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 қазандағы N 1044 P981044_ және 1999 жылғы 31 наурыздағы N 346 P990346_ қаулыларымен мақұлданған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары мемлекеттік инвестициялау басымдықтарын белгілейді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 наурыздағы N 297 P990297_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі туралы ереже Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігін МИБ дайындау үшін жауапты орган етіп белгілейді;

- "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 673 P990673_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 P981389_ қаулысымен бекітілген жаңа редакциядағы Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және іске асырудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) МИБ-сының мемлекеттік инвестициялық саясат құралы ретіндегі мақсаттары мен міндеттерін, МИБ-сын дайындаудың әдістемелік негіздерін, орталық және жергілікті атқарушы органдардың МИБ-сын іске асыру жөніндегі өзара іс-әрекетін айқындайды.

Бағдарлама талдау бөлімінен және жобалар тізбелерінен тұрады. Талдау

бөлімі өткен кезіндегі МИБ-сын іске асыруды талдауды және 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сын қамтиды.

2. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының өткен жылдарда орындалуын талдау

М И Б 1 9 9 6 - 1 9 9 8

1996 жылдың тамызында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген инвестициялық бағдарламаны мақұлдаған болатын. Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимылдар бағдарламасының шеңберінде әзірленді және мемлекеттік инвестициялар саласындағы бірінші бағдарламалық құжат болды. Бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі халықаралық қаржы ұйымдарының және донор елдердің консультативтік тобының кездесуінде бағдарламаны қалыптастыру кезеңіне Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси дамуында басым деп белгіленген инвестициялық жобалардың тізбесін ұсыну болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірінші инвестициялық бағдарламасына республика экономикасының барлық секторын қамтитын 73 жобаның тізбесі кірді. Қаржыландыру көздері бойынша жобаларды құрылымдаудың болмауы 1997 жылға арналған бюджетті әзірлеу кезінде шығындарды анықтауда бағдарламаның қиындық тудырған кемшілігі болып шықты.

Бағдарлама жобаларын іске асыру процесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір нақтылаулар, атап айтқанда:

"Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған инвестициялар бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 P960141_ қаулысымен "Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялар бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 P970148_ қаулысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы" 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 P980091_ және "Қайтарымсыз негізде 1998 жылы республикалық бюджет қаражаттарының есебінен қаржыландырылатын өндірістік мақсаттағы және әлеуметтік сала объектілерінің тізбесі туралы" 1998 жылғы 10 наурыздағы N 193 P980193_ қаулыларымен енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған қаулыларды іске асыруының негізгі нәтижесі жобаның сомасы мен санын кейінірек түзете отырып, жобаларды қаржыландыру көздерін нақтылау және қаржыландыру көздеріне сәйкес тізбені

құрылымдау болды (республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын жобалар, сыртқы қаржы көздері есебінен қаржыландырылатын жобалар, республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Эксимбанкіне бөлінетін несиелердің есебінен қаржыландырылатын жобалар жеке-жеке көрсетілді).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1388 P981388_ қаулысымен 1996-1998 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы бекітілген болатын. Аталған қаулыға бастамашылық жасау мен қабылдаудың негізгі мақсаты 1996 жылдан 1998 жылды

қоса есептегендегі кезеңде Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізуге мүмкіндік берген, 1996, 1997 және 1998 жылдардағы қаулыларда көрсетілген жобалардың нақтыланған тізбесін қалыптастыру болған еді.

1-таблица 1995-1998 жылдарға арналған бағдарламаның салалық құрылымы, млн. АҚШ долларымен

Сектор	Жоспар		Нақты орындалған	
	Жобалар- дың жалпы құны	Сектор- дың жалпы құны	Жобалар- дың жалпы құны	Сектор- дың жалпы құны
	сумадағы үлесі, %	сумадағы үлесі, %	сумадағы үлесі, %	сумадағы үлесі, %
Ауыл шаруашылығы	313,2	4,0	424,9	10,7
Мұнай және газ	1285,0	16,4	125,7	3,2
Су ресурстары	1723,0	22,1	768,0	19,4
Энергетика	585,0	7,5	13,1	0,3
Көлік	2523,1	32,3	1214,3	30,7
Құрылыс	200,0	2,6	596,2	15,1
Тұрғын үй	274,7	3,5	84,6	2,1
Білім	95,0	1,2	111,0	2,8
Денсаулық сақтау	167,1	2,1	95,5	2,4
Әлеуметтік қорғау	84,7	1,1	54,7	1,4
Басқару жүйесін қайта құрылымдау	198,6	2,5	228,3	5,8
Өнеркәсіп	363,4	4,7	239,7	6,1
Барлығы	7812,9	100,0	3955,9	100,0

Жоғарыдағы таблицада көрсетілгеніндей, нақты іс жүзінде барлық секторлар қаржыландыру көлемінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Егер ауыл шаруашылығы, құрылыс, білім сияқты бағыттар бойынша жобалардың жалпы сомасында шамалы өсу байқалса, ал басқа барлық секторларда және көбірек дәрежеде көлікте, су ресурстарында және мұнай-газ секторында қаржыландыру көлемінде айтарлықтай қысқарту болып өтті.

Бағдарламаның жалпы сомасының нақты іс жүзінде екі есе кемуі 1996 жылы бағдарлама жасалған кезде сыртқы қаржы көздерінен қаржыландыру мүмкіндігінің көлемдері туралы ақпараттың жоқтығымен түсіндіріледі. Сондай-ақ қаржыландыру көлемдері бойынша елеулі шектеулер де сыртқы экономикалық қауіпсіздікті сақтау мақсатымен сыртқы қарыз алудың қатаң саясатын жүргізудің нәтижесі болып табылады. Жобаларды іске асыру процесінде дамудың басым салалары туралы неғұрлым нақты түсінік пайда болды, жобалардың, әсіресе сыртқы қаржы көздерінен ресурстар тартуды талап ететіндерінің іске асырылу тиімділігіне талдау жүргізуге неғұрлым сыншыл қ а т ы н а с қ а л ы п т а с т ы .

Автомобиль жолдарын қайта жаңартудың, темір жол және әуе көліктерін қанағаттанарлық жағдайда ұстаудың, республика халқын жеткілікті көлемде ауыз сумен және техникалық сумен қамтамасыз етудің, білім және денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы және оларды қайта жаңартудың қажеттігі, ауыл шаруашылығындағы күрделі жағдай 1996-1998 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруда басым бағыттарды айқындаған факторлар еді. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары көлік (бағдарлама жобалары жалпы сомасының 30,7%-і) су ресурстары (19,4 %), құрылыс (15,1 %) және ауыл шаруашылығы (1 0 , 7 %) б о л д ы .

1998 жылы бағдарламаны іске асыруды талдау

1998 жылғы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 1996-1998 жылдың инвестициялық бағдарламасының бір бөлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің екі қаулысымен қалыптасты: 1998 жылғы 10 наурыздағы N 193, тұтасымен республика бойынша өндірістік және әлеуметтік мәні бар объектілердің қаржыландырылуын айқындайды, 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 P980091_ , Астана қаласы дамуының бірінші кезектегі объектілерінің қ а р ж ы л а н д ы р ы л у ы н көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10 наурыздағы N 193 қаулысына сәйкес 1998 жылға өндірістік мақсаттағы және әлеуметтік сала объектілерінің

құрылысын қаржыландыру үшін 2500 млн. теңге көлемінде күрделі қаржы бөлінді, оның ішінде іске қосылатындарға - 2069 млн. теңге, ауыспалыларға - 404 млн. теңге. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қаражаттарды мынадай жоспар бойынша тоқсандарға бөлу келісілген: 1-тоқсан - 550 млн. теңге, 2-тоқсан - 600 млн. теңге, 3-тоқсан - 650 млн. теңге, 4-тоқсан - 700 млн. теңге.

Көрсетілген қаулының шеңберінде МИБ-сына 65 объект енгізілді, олардың арасында; Алматы қаласындағы метрополитен; Талғар өзеніндегі селден қорғау бөгеті; Қожахмет Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (2-нші кезегі); Ақмола облысының Степной кентіндегі бұрынғы әскери бөлімді еңбекпен түзеу колониясы етіп қайта жаңарту; кедендік бақылау-өткізу пункттерінің құрылысы; Орал-Атырау бекіре зауыты; Көкшетау қаласындағы РК -2 аудандық жылыту орталығы; "Оқ-Жетпес" санаторийінің клуб-асханасы; 1 мектеп; 3 аурухана; 2 су торабы; саны 17 объект топтық су құбырлары, су тартқыш құрылғылар, насос станциялары, инженерлік желілер; жаңа техника жасау саласында мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру.

1998 жылы Қаржы министрлігі 1965 млн. теңге қаржыландырды, бұл көзделген соманың 78,6 %-ін құрайды.

Мынадай себептерге байланысты объектілердің қаржыландырылуы тек маусым айынан басталуы МИБ-сының 1998 жылы іске асырылуының ерекшелігі болып табылды: а) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдаудың кешіктірілуі, б) астананың тұсау кесер тойына байланысты ақпан-мамырда Астана қаласының объектілерін басым қаржыландыру.

Маусым-тамызда Қаржы министрлігі 1998 жылға қаражатты тоқсан бойынша келісімді бөлуден қаржыландыруда артта қалушылықты 112 млн. теңгеге қысқартты.

Өткен уақыт ішінде мынадай объектілер пайдалануға берілді: Атырау облысындағы жылдық қуаты 3,06 млн. дана сиголеткалар өндіру жөніндегі Орал-Атырау балық өсіру зауыты, Қызылорда облысындағы ұзындығы тиісінше 2,3 және 5,0 км Арал-Сарыбұлақ және Жиделі топтық су құбырларының учаскелері; ұзындығы 22,3 км Қоянды топтық су құбыры (бірінші) жіберілетін кешен); ұзындығы 4,9 км Нұра топтық су құбырын қайта жаңарту орындалды, Солтүстік Қазақстан облысы Жаңасу селосының орталау мектебінде 40 оқушылық орын іске қосылды; 4 кеден пункті пайдалануға берілді: Алматы облысының Кеген, Жамбыл облысының Қарасу, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха және Красный Яр селоларында, 30 кеден пункті іске қосуға дайындықтан өткен дайындығы 70-95 %), бірақ қанағаттанғысыз қаржыландырудың салдарынан (164 млн. теңгеге жеткіліксіз бөлінді) 1998 жылы олардың іске қосылуы тоқтап қалды.

Қаржыландыруды ашуды кешіктіру себебі бойынша (4 айдан 6 айға дейін)

белгіленген мерзімдерде: Қызылорда қаласындағы көппрофильді аурухана кешені; "Оқ-Жетпес" санаторийінің клуб-асханасы; Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арыс және Шәуілдір топтық су құбырларының учаскелері іске асырылған жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысы Әкімінің бастамасы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 808 P980808_ қаулысы қабылданды, ол қаулымен Солтүстік Қазақстан облысының топтық су құбырларын қайта жаңартуға бөлінген бюджет қаражаттарының 111 млн. теңгесін қайта бөлу жүргізілді. Аталған қаражаттар N 2 Көкшетау аудандық жылыту орталығының құрылысына оның жылу энергиясын өндіру жөніндегі қуаттылығын 100-ден 200 ГКал/сағ. дейін арттыру үшін қосымша жұмсалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 193 қаулысын іске асыру 1998 жылы жеткіліксіз қаржыландыру себебі бойынша қанағаттанғысыз жүзеге асырылды. Іске асыруға енгізілген 65 жобадан 22 жоба ғана толық көлемде қаржыландырылды. Қалған 43 жоба аяқталмағандардың қатарына көшті, бюджет шығындарының қысқаруына байланысты олардан 37 жоба бойынша 1999 жылға қаржыландыру көзделген жоқ.

"1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 p980091_ қаулысына сәйкес 1998 жылы республикалық бюджеттен 8,2 млрд. теңге және үкіметтік сыртқы заемдар түрінде 70 млн. АҚШ доллары көлемінде күрделі қаржы бөлінді.

Қаржы министрлігі жылдық көлемі 8,2 млрд. теңге болғанда, бюджет қаражаттарынан 7,6 млрд. теңге қаржыландырды, Үкімет қаулысы бойынша көзделгендегіден кем қаржыландыру 0,6 млрд. теңге құрады, бұл ретте қала объектілерінде 12,1 млрд. теңгенің сомасына жұмыс көлемі орындалды, ол бөлінген қаражаттардың 148 %-ін құрайды.

Объектілер бойынша: тұрғын үй құрылысына қаражат артық игерілді - 169 %, жыл аяғына дейін 179 мың шаршы метр іске қосылады; олардың құрылысында қаражаттарды игеру 165% құрайтын Республика Сарайын, Әкімшілік және Көмекші кешендерді қайта жаңарту аяқталып келеді; инженерлік желілердің, канализациялық коллектордың, этно-мемориальдық парктің құрылысына және Астана қаласының бас жоспарын әзірлеуге бөлінген қаражаттар іс жүзінде толығымен игерілді.

Үкіметтік сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын 25 жобаны жүзеге асыру донорлар мен қазақстандық тараптың арасында келісілген кестелерге сәйкес жүзеге асырылды.

1998 жылдың республикалық бюджетінде көзделген үкіметтік кепілдіктердің лимиті өтінім берушілердің құжаттарын уақытында тапсырмауынан толық и г е р і л м е д і .

МИБ-сын 1996-1998 жылдарда іске асыруға талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. МИБ құралдарын қолдану республикалық бюджеттің және Қазақстан Республикасының сыртқы үкіметтік қарызының шектеулі қаражаттарын бөлудің оңтайлылығы тұрғысынан неғұрлым тиімді болып табылады. Сондай-ақ осы құрал Қазақстан Республикасының Үкіметі қарызға алған қаражаттарды бөлудің неғұрлым толық көрінісін бере алатындықтан халықаралық қаржы ұйымдары мен донор елдер үшін де өте қолайлы болып табылады, сонымен қатар, оның да үлкен маңызы бар. МИБ жүйесін енгізу процессінде мемлекеттік және тура инвестициялардың арасында жобаларды бөлудің неғұрлым нақты әдістемесі қалыптасты. МИБ 96-98 жұмыс процесінде анықталған негізгі кемшіліктерге жобаларды республикалық бюджеттен жеткіліксіз қаржыландыру, осыған байланысты кейбір жағдайларда сыртқы қаржы көздерінен қаржыландырудағы кешіктірулер жатады. Бұдан әрі жобаның басымдықтарын және іске асыруға әзірлігін анықтаған кезде жобаны іске асырудың барлық кезеңі ішінде оны толық немесе жарым-жартылай қаржыландыруды жүзеге асыруға республикалық бюджетте қаражаттың болуын нақты анықтау қажет. МИБ процесіне тартылған мемлекеттік органдардың қазіргі өзара іс-қимыл дәрежесінің төмендігі де жобаларды қалыптастырудың, іріктеудің, іске асырудың және іске асыру мониторингінің жоғары тиімді жүйесін енгізуге, сондай-ақ МИБ-сын келесі жылдарға қаржыландыру бойынша республикалық бюджеттің мүмкіндіктерін болжауды жүзуге асыруға кедергі келтіретін екінші фактор болып отыр.

3. 1999-2001 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы

Мемлекеттік органдардың МИБ-сын іске асыру жөніндегі іс-қимылдарының ж ү й е с і

Ереже орталық және жергілікті атқарушы органдардың МИБ-сын іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылдарының тәртібін айқындайды. Бір мезгілде МИБ-сын әзірлеудің және іске асырудың мониторингі үшін жауапты орган болып Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі белгіленді және МИБ-сын қалыптастыру жөніндегі комиссияның құрамы а н ы қ т а л д ы .

МИБ-сы жөніндегі жұмысқа кезеңдік сипат тән, бір жыл ішінде жүзеге асырылады және бірнеше кезеңге бөлінеді. МИБ-сы бойынша жұмыстың

циклділігі бағдарламаның бірінші жылын қаржыландыруға арналған ресурстардың көлемі тек бір күнтізбелік жылға қабылданатын бюджет туралы заңмен анықталатынына байланысты.

МИБ процесі мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- мемлекеттік инвестициялауға бөлінетін қаржы қаражаттарының көлемін анықтау ;

- МИБ-сына енгізуге мәлімделетін жобаларды іріктеу;

- МИБ-сының құжатын қалыптастыру;

- бағдарламаны іске асыру мониторингі;

- МИБ-сының орындалуын талдау.

МИБ процесінің әртүрлі кезеңдері үшін жауапкершілік орталық және жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Жобаларды іріктеу және сараптау процесі екі бөлікке бөлінеді:

- бірінші кезеңде орталық және жергілікті атқарушы органдар жобаларды алғашқы іріктеуді жүргізеді, бұл ретте жергілікті атқарушы органдар мәлімдейтін жобаларын салалық министрліктерге сараптамадан өткізуге тапсырады ;

- іріктелген жобалар МИБ-сын әзірлеудің және іске асырудың ережесінде көрсетілген талаптарға сәйкес түпкілікті іріктеу және жобаны МИБ-сының деректер базасына енгізу үшін Агенттікке беріледі.

Жобалар МИБ-сын қалыптастыру жөніндегі комиссияның қарауына қабылданады. Комиссияның ұсыныстарының негізінде жобаны МИБ-сына енгізу туралы шешім шығарылады .

Жобалардың тізбелері қалыптастырылады және МИБ-сының құжаты жасалады .

Агенттік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп жобаның бүкіл өмірлік циклінің барысында жобаларды іске асыру мониторингін жүргізеді. Жобаларды іске асырушы ұйымдар белгіленген формалар бойынша тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Агенттікке есеп беріп тұрады. Ақпарат уақытында немесе толық берілмегенде, сондай-ақ жобаны іске асыру кестесі негізсіз бұзылған кезде МИБ жөніндегі комиссияның талқылауына осы жобаны қаржыландыруды жалғастыру туралы мәселе қойылады. Берілетін қаражаттардың пайдаланылуын және жобаның жалпы жағдайын бақылау мақсатында Агенттіктің уәкілетті өкілдері жобаны іске жасырушы ұйымдарға барып тұрады.

Жыл сайын, МИБ-сының кезекті құжатын жасаған кезде, жобаларды іске асырушы ұйымдардың есептері негізінде Агенттік жүзеге асырылатын бағдарламаны орындау тиімділігін бағалау және талдау жүргізеді және

бағдарламаны іске асырудың келесі кезеңіне тиісті ұсыныстар әзірлейді. Бұл ретте, келесі жылға қолда бар қаржыландыру көлемдерін есепке ала отырып, Агенттік МИБ жөніндегі комиссияның қарауына күнделікті жобаларды қаржыландыруды жалғастыру туралы қорытынды және жаңа жобаларды енгізу жөнінде ұсыныстар шығарады.

Жалпы экономикалық ахуалды талдау Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы 1998 жылы даму үрдістерінің өнеркәсіп көлемінің қысқару және макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлау жағына қарай өзгеруімен сипатталды. Экономика мен әлеуметтік салаға, жағымсыз әсер еткен басты факторлар - күшейе түскен қаржы-экономикалық дағдарысының салдарлары, қазақстандық экспорттың негізгі баптарына конъюнктураның нашарлауы, ресей рублінің және көршілес ТМД елдері валюталарының құнсыздануы болды.

Рубльдің құнсыздануына соқтырған Ресей экономикасының дағдарысы ТМД-ның барлық елдерінің дамуына тиісінше әсер етті. Оның үстіне теріс әсері аздап кешігіңкіреп білінді және әрбір ай сайын күшейіп отырды. Осының салдарынан өндірістің, экспорттың және импорттың өсу қарқыны, мемлекеттік бюджеттің кірістері 1998 жылдың сәуірінен бастап баяулай бастады, ал қазаннан бері өткен жылдың алдыңғы және сәйкес кезеңдерімен салыстырғанда шұғыл кему үрдісіне ие болды.

Үкіметтік қарыз алудың сарабал саясатының және қатаң ақша-несие саясатының нәтижесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне теңге бағамының және бюджет жүйесінің тұрақтылығын сақтауға мүмкін болды. Әлемдік экономикалық дағдарыстардың салдарларын жеңілдету жөніндегі жаңа міндеттер шеңберінде импортты алмастыруды және дайындықтың жоғары дәрежесіндегі өнімдер экспортын дамытуды басты мақсаттары ретінде айқындаған жаңа өнеркәсіптік саясат

әзірленді.

Әлемдік дағдарыстың салдарларын жеңілдету жөніндегі қабылданған шараларға қарамастан 1998 жылдың төртінші тоқсанында өндіріс пен кірістердің айтарлықтай кемуіне жол берілді.

2-таблица Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасы, 1998 жыл

1998ж	4-1998 ж.
тоқс.	1997 жылға
1998 ж.	3-%
тоқс.	% есебімен

есебімен

Жалпы ішкі өнім	82,8	97,5
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	102,6	97,9
Инвестициялар көлемі	97,0	112,8
Экспорт	87,6	83,7
Импорт	94,7	91,6
Мемлекеттік бюджеттің кірістері	72,8	80,8
Тұтыну бағаларының индексі (кезеңнің аяғына)	0,4	1,9
Теңгеге қатысы бойынша АҚШ долларының бағамы, кезеңнің аяғына	83,8	83,8

1999 жылы әлемдік шикізат рыноктарында ахуалдың жақсаруы сезілмейді, ресей экономикасы бұрынғысынша дағдарыс жағдайында болады және қаржы ресурстарына елеулі қажеттікті бастан кешіреді. Ресейде рубль бағамының құлдырауы және құнсыздану процестерінің өсуі жалғасатын болады, ол оны өнім экспорты үшін мәнсіз етеді. Бір мезгілде сыртқы, сондай-ақ ішкі қарыз алулардың есебінен мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру бойынша қиындықтар орын алатын болады.

Ресей экономикасындағы күрделі ахуал іс жүзінде ТМД-ның барлық

мемлекеттеріне, әсіресе оларға Қазақстан да жататын Ресеймен тауар айналымының үлкен көлеміне ие елдерге шетелдік инвесторлардың сенімінің азаюына себеп болды. Нәтижесінде республикаға түсетін шетелдік инвестициялардың көлемі 1997 жылғы 79,0 млрд. теңгеден 1998 жылы 47,4 млрд. теңгеге айтарлықтай кеміді.

3-таблица Инвестициялар көлемі, млрд теңге

	1997	1998	1998	1998	1998	1999*	
	1998	2-тоқс.	3-тоқс.	4-тоқс.	1998	1999*	
Ішкі мемлекеттік	15,0	4,2	13,5	10,3	4,4	32,4	33,2
Жалпы ішкі	0,9	1,1	3,2	1,5	1,0	1,8	1,8

өнімге							
% есебімен							
Ішкі	118,7	29,2	49,0	60,1	44,2	182,6	164,9
мемлекеттік							
емес							
Жалпы ішкі	7,1	7,6	11,5	12,0	10,0	10,4	9,0
өнімге							
% есебімен							
Шетелдік	79,0	18,3	11,4	2,7	15,0	47,4	54,1
Жалпы ішкі	4,7	4,8	2,7	0,5	3,4	2,7	2,9
өнімге							
% есебімен							
Барлығы	212,8	51,7	73,9	73,1	63,6	262,4	252,2
Жалпы ішкі	12,7	13,5	17,3	14,0	14,4	15,0	13,8
өнімге							
% есебімен							
*-болжам							

Қалыптасқан жағдайда Қазақстан республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-несие және салық-бюджет жүйелерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, төлем балансын жақсартуға, импортты алмастыру және экспортты дамытуды қолдау саясатын жүргізуге, әсіресе халықтың кедейленген топтарын қамсыздандыру бөлігінде әлеуметтік шығындарды азайтуға бағытталған теңгенің еркін бағамына көшу туралы шешім қабылдады. 1999 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізінде мемлекетке және елдің банк жүйесіне халықтың және кәсіпорындардың сенімін сақтау жатыр. Бұл ақша салымдарын сақтау және мемлекеттің өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындау арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Төменде 1999-2001 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің макроэкономикалық болжамы келтірілген.

4-таблица Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, 1999-2001 жылдар

	1999	2000*	2001*
Номиналдық жалпы ішкі өнім			

млрд. теңге	1824,1	2100,0	2320,9
млрд АҚШ доллары	15,3	14,5	14,9
Бюджет тапшылығы (млрд. теңге)	67,0	63,0	46,4
Экспорт, млн. АҚШ доллары	5185,0	5192,0	5357,0
Жалпы ішкі өнімге %-і	33,9	35,8	35,9
Импорт, млн. АҚШ доллары	5840,0	5250,0	5200,0
Жалпы ішкі өнімге %-і	29,9	34,3	35,9
АҚШ долларының теңгеге бағамы, орташа алғанда жылдығы	119,1	144,9	155,5
*-болжам			

Таблицадан көрінгеніндей, жалпы ішкі өнімнің одан кейін 2001 жылы доллармен есептегенде өсуі арқылы 2000 жылы номиналдық көрсеткіште құлдырауы жобалануда. Жүргізілетін саясат шеңберінде импорт көлемінің жалпы ішкі өнімге шаққанда 5840,0 млн. АҚШ долларынан 5200,0 млн. АҚШ долларына дейін төмендеуі күтілуде. Жобаланған экспортты 5185,0 млн. АҚШ долларынан 5357,0 млн. АҚШ долларына дейін жоғарылату әлемдік рыноктың қазіргі конъюнктурасының болашақта жақсаруына негізделген.

МИБ-сының мемлекеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарына с ә й к е с т і г і

1999-2001 кезеңге МИБ-сының салалық басымдықтарын айқындау Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы негізінде құрылады. Жобаларды салалар бойынша бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің әрбір саладағы басым міндеттерін көрсетеді.

Жобаларды тізбелер ішінде жүйелеу өз кезегінде 2030 Стратегиясының басымдықтарына сәйкес келетін, республикалық бюджетте пайдаланылатын жіктеуге сәйкес жүзеге асырылады. Осылайша олардың қаржыландырылуы 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сы шеңберінде басым болып табылатын салалардың тізбесі дамудың ұзақ мерзімдік стратегиясымен келісіледі және шектеулі бюджет қаражаттарын оңтайлы бөлу талаптарына жауап береді.

1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сының салалық стратегиясы да экономиканың жекелеген секторларын дамыту бағдарламаларына негізделген. Салалық бағдарламалар әрбір сектордың салыстырмалы маңызын, оның даму

перспективаларын, сондай-ақ экономиканың жалпы өсу мүмкіндігінің үлесін көрсетеді. Олар сол немесе өзге сектордың мүмкіндігінше дамуының негізгі бағыттарын қалыптастырады, күнделікті және жоспарлы міндеттерді шешудің шаралары мен тәсілдерін белгілейді, мемлекеттік сектордың әрбір саладағы жеке салмағын және оның даму перспективаларын сипаттайды.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Z990357_ ҚР Заңына сәйкес 1999 жылдан бастап жергілікті деңгейдегі өнеркәсіп және құрылыс объектілерін қаржыландыру жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен жүзеге асырылады. Осымен бір мезгілде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының Үкіметімен

келісілген аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан, шетелдік мемлекеттерден қаражаттар ала тұру құқығы беріледі.

Төменде мемлекеттік инвестицияларды пайдаланудың басым бағыттарын сипаттайтын салалар бойынша МИБ-сын қаржыландыру көлемдері келтірілген.

5-таблица 1999-2001 МИБ-сының секторлар бойынша құрылымы, млн. АҚШ доллары

Сектор	Жобалар- дың жалпы құны	Жобалар- дейін 2001 жж.	1999- 2001 кейін	2000 ж. МИБ жалпы сомасындағы үлесі	Сектордың
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	165,29	48,17	75,71	41,41	4,3
Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	79,11	27,04	32,27	19,80	2,0
Білім	154,49	37,10	82,86	34,53	4,0
Денсаулық сақтау	149,61	41,80	82,08	25,73	3,9
Әлеуметтік көмек және	34,03	33,47	0,56	*	0,9

әлеуметтік					
қамсыздандыру					
Отын-	217,28	18,49	93,79	105,00	5,6
энергетикалық					
кешен					
Өнеркәсіп,	244,00	9,40	115,13	119,47	6,3
құрылыс және					
жер қойнауын					
пайдалану					
Көлік және	1790,41	248,97	640,34	901,10	46,1
байланыс					
Ауыл, су,	1051,67	216,71	227,38	607,58	27,1
орман, балық					
шаруашылығы					
және қоршаған					
ортаны қорғау					
Барлығы	3885,89	681,15	1350,12	1854,62	100
*-көрсеткіштер жоқ					

Қаражаттардың ең үлкен бөлігі ауыл шаруашылығы, су ресурстары, көлік және байланыс секторларының арасында бөлінді. Олардың құны Бағдарламаның жалпы құнының шамамен 70 %-ін құрайды.

Мемлекеттік инвестициялау үшін қаржылық мүмкіншіліктерді талдау

1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сын қаржыландыру көлемдерін белгілегенде олардың басымдықтарын анықтау мақсатымен экономиканың және жеке алғанда әрбір сектордың инвестицияларға мұқтаждықтарына жалпы талдау жүргізілді. Капиталдың амортизациясынан құтылу үшін басталған жобаларға бірінші кезекте көңіл бөлінді. Одан әрі олар бойынша тиісті қаулылар қабылданған жобалар, және ақырында, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар, елде нарықтық реформалардың дамуына, оның мемлекеттік институттарының нығайуына мүмкіндік беретін жобалар жалғасады.

Дегенмен, осы бағдарламаның жалпы сомасы қаржы қаражаттарына соншалық қажеттікті ғана емес, олардың қанша барын және мемлекеттің жобаларды іске асыру жөніндегі мүмкіндіктерінің қаншалықты екендігі де

к ө р с е т е д і .

1999-2001 жылдарға арналған МИБ Бағдарламасының жалпы құны бюджеттік қаржыландыру сомаларынан және гранттар мен заемдар түріндегі сыртқы қаржы көздерінен қаржыландыру сомаларынан құралады. 1999 жылға арналған МИБ-сының сомасы болжамды жалпы ішкі өнімнің шамамен 3,4%-ін

құрайды, онда бюджеттік қаржыландыру жалпы ішкі өнімнің 0,3%-іне, ал сыртқы қаржы көздерінен қаржыландыру 3,2%-іне сәйкес келеді. МИБ-сын сыртқы қаржы көздерінен қаржыландыру үкімет тартатын, оның ішінде үкімет кепілдігімен алынатын қаражаттарды және қаржы көмегінің гранттарын қамтиды.

6-таблица Қаржыландыру көздерінің құрылымы, млн. АҚШ доллары

1999 ж. 2000* ж. 2001* ж.

Жалпы ішкі өнім	15 300,00	14 500,00	14 900,00
1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сының сомасы	525,75	481,63	342,74
Респ. бюджет	38,80	87,86	51,36
Сыртқы қаржыландыру	486,95	393,77	291,38
Жалпы ішкі өнімнен проценттер оларда:			
Жалпы ішкі өнімнен респ. бюджет	0,25	0,61	0,34
Жалпы ішкі өнімнен сыртқы қаржыландыру	3,18	2,72	1,96
*- болжам			

1999-2001 жылдардың МИБ-сының ерекшелігі республикалық бюджеттен құрылысқа және суаққыларды қайта жаңартуға арналған қаржыландыру

көлемдерін 1999 жылы 201 миллион теңгеге жейін айтарлықтай қысқарту болып табылады. 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сына енгізілген, 47% құрайтын, жобалардың жалпы сомасының үлкен бөлігін 2001 жылдан кейін игеру жобалануда.

1-Кесте 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сының қаражаттарын игерудің динамикасы

қағаздағы нұсқадан қараңыз

1999-2001 жылдардың МИБ-сы шеңберінде қаржыландырылатын жобалардың жалпы сомасы шамамен 3885,89 млн. АҚШ долларын құрайды. Олардан 1999 жылға дейін 68115 млн. АҚШ доллары игерілді, 1999 жылдан 2001 жылды қоса алғандағы кезеңде 1350,12 млн. АҚШ долларын игеру жоспарлануда, 2001 жылдан кейін 1854,62 млн. АҚШ долларын игеру жоспарлануда. Атап өтілгеніндей, 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сына енгізілген жобаларды қаржыландырудың негізгі көзі үкіметтік сыртқы заемдар мен гранттар болып калуда. Қаржыландырудың жалпы сомасындағы олардың үлесі 86,8 % құрайды.

1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сының жобаларын қаржыландыруға олардың құрамына халықаралық қаржы ұйымдары және мемлекеттік банктер арқылы мемлекеттердің үкіметтері қалай кірсе, дәл осылай жеке коммерциялық банктер кіретін 7 инвестордың қаражаттарын тарту жоспарлануда.

2-Кесте 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-сын сыртқы қаржыландырудың құрылымы

қағаздағы нұсқадан қараңыз

ИДБ - Ислам даму банкі

МИБ шеңберінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін сыртқы қарыз алудың көлемі 1999-2008 жылдарға арналған мемлекеттік және мемлекет кепілдігімен қарыз алу Бағдарламасында берілген осы күнгі қарыз ахуалын бағалау негізінде анықталады.

1997-1999 жылдарда алынған және 2000-2001 жылдарға жоспарланатын, МИБ шеңберіндегі сыртқы үкіметтік қарыз алудың мөлшері республикалық бюджет тапшылығына салыстырмалы түрде төмендегі таблица берілген.

7-таблица Республикалық бюджет тапшылығының 1997-2001 жылдарға арналған МИБ шеңберінде сыртқы үкіметтік қарыз алу көлемдеріне ара қатынасы, млн. АҚШ долл.
1997 ж. 1998 ж. 1999 ж. 2000 ж. 2001 ж.
(бағалау) (болжам) (болжам)

Бюджет тапшылығы	824,9	895,3	563,0	434,8	298,5
МИБ шеңберінде сыртқы қарыз алу	150,1	367,1	295,2	275,5	220,5
Инвестициялардың бюджет тапшылығының құрылымындағы үлесі, %	18,2%	41,0%	52,4%	63,4%	73,9%

Сыртқы қарыз алудың тиімділігін арттыру мақсатында сыртқы үкіметтік қарыз алудың есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік инвестициялардың үлесін бюджет тапшылығының құрылымында жылына орташа алғанда 11%-ке арттыру жоспарланады.

2. Жобалардың тізбелері

Инвестициялық жобалар қаржыландыру көздері бойынша МИБ-сы шеңберінде төрт тізбеге бөлінеді. 1-Тізбе - қайтарымсыз негізде республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылатын жобаларды, 2-Тізбе - үкіметтік сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын жобаларды, 3-Тізбе - Үкіметтің кепілдіктерімен алынатын сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын жобаларды, 4-Тізбе - қаржы көмегі гранттарының есебінен қаржыландырылатын жобаларды қамтиды.

1,2 және 4-Тізбелер мемлекеттік сектор іске асыруға мәлімдейтін жобалардың жиынтығын құрайды. 3-Тізбеге қатысуға мемлекеттік үлесі бар ұйымдар, не мәлімделетін жобаларды Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуында басымдықты деп танығанда және заемшының тарапынан жеткілікті қамтамасыз етілгенде мемлекеттік емес ұйымдар іске асыратын жобалар енгізіледі.

Тізбелер МИБ-сына қосымшаларда берілді.

Қазақстан Республикасы
1999-2000 жылдарға арналған
мемлекеттік инвестициялар
Бағдарламасына
1-қосымша

